

## «Орысша сәлем» атты халықаралық онлайн-конференция

2017 жылдың 1 қарашасында Филология және көптілді білім беру институтының оқытушылары мен студенттері Мәскеу мемлекеттік аймақтық университеті ұйымдастырған «Орысша сәлем» атты халықаралық онлайн-конференцияға қатысты. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы осы Мәскеу университетімен ұзақмерзімді кәсіби қарым-қатынаста болып келуде, сол себепті кафедра түркітілдес елдерде орыс тілін оқыту мәселелеріне арналған конференцияға қатысуға шақырылды. Конференцияның қазақстандық қатысушылары заманауи технологиялар арқасында әртүрлі жоғары оқу орындарының ғалымдарымен танысуға мүмкіндік алды. Конференция барысында Мәскеу, Қырғызстан, Татарстан, Хакасиядан орыс тіліндегі мамандар сөз сөйледі. Қазақстанды осы онлайн форумда орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты Жұлдыз Төлебаева профессор Аймуль Қазкенованың жетекшілігімен «Қазақстанның жоғары оқу орындарында орыс тілін оқыту» дайындаған баяндамасымен таныстырды. Баяндамаларды талқылау кезінде Мәскеулік әріптестер қазақстандық қатысушының ғылыми деңгейін жоғары бағалады және Абай атындағы ҚазҰПУ-мен ынтымақтастықты одан әрі қарай нығайтуды ұсынды.



### Абай атындағы ҚазҰПУ делегациясы Польшаның Слупск қаласындағы Помор академиясында

2017 жылдың 4 мен 8 маусым аралығында Польшаның Слупск қаласындағы Помор Академиясында Абай атындағы ҚазҰПУ делегациясы ресми сапармен болады. Делегация құрамында: **оқу ісі жөніндегі проректор, филол.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Құлсариева Ақтолқын Тұрлыханқызы және орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.д., профессор Әбішева Сәуле Жүнісқызы.**

Помор академиясымен біздің университетті ғылыми және халықаралық ынтымақтастық шаралары байланыстырады. Біздің студенттер мен магистранттар аталған жоо ғылыми тағылымдамадан өтіп, семестрлік білім алады. Қазіргі таңда қосдипломды білім шартына отыру келіссөздері жүргізілуде.

Қазақстандық қонақтарды 2016 жылы Абай университетіне Академияның Неофилология институтының орыс әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор Галина Львовна Нефагинамен бірге ресми сапармен келген Помор академиясының ректоры, профессор Збигнев Осадовский қарсы алды.

Академияда семестрлік білім алған орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы магистратурасын тәмамдаған Максим Пономаренко Помор академиясының докторантурасында білімін жалғастыруда.



### Венгриялық қонақ



2017 жылдың 17 мамырында орыс тілі мен әдебиеті кафедрасында Венгриядағы Печский университетінің PhD докторы, доценті Эдит Гилбертпен кездесу өтті.

Қонақ кафедраның оқытушылары мен докторанттарына «Новые направления в литературоведении, литературной жизни и обучение литературе в Венгрии» тақырыбында ақпарат оқыды.

Дәріс тығыз талқыға айналып барлық қатысушыларға қызықты болды. Кафедраның меңгерушісі С.Ж. Әбішева қонаққа алғыс айтып, алдағы уақытта қатынас орнатылып достығымыз жалғасатынына үміт білдірді.



**Қырғызстан Республикасындағы мерейтой:  
әйгілі әдебиеттанушы Абдыкерім Муратовтың 60 жылдығы**



2017 жылдың 17 мамырында әйгілі әдебиеттанушы, журналист, п.ғ.д., жазушы **Абдыкерім Мұратов** 60 жасқа толды.

Жазушы ретінде 15 шақты әдеби шығарма, соның ішінде тарихи роман, повесть, әңгімелер, жазушылар туралы очерктер және 1500 астам мақалалардың автор.

Қазіргі таңда «Zaman Kyrgyzstan» халықаралық газетінің бас редакторының орынбасары қызметін атқаруда. Әдебиеттанушы ретінде А. Мұратов әдебиет теориясынан өзінің терең зерттеулерімен танымал (60 жуық монография, соның ішінде «Этнопедагогика в творчестве Ч.Т. Айтматова»). Әдіскер ғалым ретінде 15 қырғыз әдебиеті оқулығының, оқу-әдістемелік ұсынымның, нормативті құжаттардың және бағдарламалардың авторы. Ғалым қырғыз тіліндегі алты терминологиялық сөздіктің және қырғыз-башкир екі тілді әдеби терминдер сөздігін жасап шығарған.

И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінде кафедра профессоры болып жұмыс істеп, қырғыз, орыс, түрік тілдері мен әдебиеттерінің теориясы мен әдістемесі Ғылыми Кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. Көптеген үкіметтік мадақтама қағаз, белгі, медаль, гранттармен марапатталған.

Ғалымның халықаралық мерейтойына ТМД және алыс шетелден әріптестері келді. Біздің университет атынан Қырғыз педагогика ғылымдарыны Академиясының диссертациялық кеңесінің мүшелері және сарапшылары п.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі **Б.Сманов** пен п.ғ.д., профессор **М. Кондубаева** шақырылды.



### Абай атындағы ҚазҰПУ мен Слупск қаласының Помор академиясының ынтымақтастығы

2016 жылдың қазан айында Слупск қаласындағы (Польша) Помор академиясында жаңа оқу жылының салтанатты ашылуы өтті. Биыл бұл академияның ректоры қызметін 2016 маусым айында Абай атындағы ҚазҰПУ халықаралық делегация құрамында келген З.Осадовский иемденді. Ашылуға әр-түрлі елдердің жоғары дәрежелі өкілдері де қатысты. Соның ішінде Абай атындағы ҚазҰПУ ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры В.Н. Косов мырза да болып, Помор академиясының басшылығына екі жоо арасындағы ынтымақтастықтың серпінді дамып, қазіргі таңда Польшадағы жоо 18 студентіміз филология, математика, биология сияқты факультеттерде білім алып жатқанын атап айтты. Филология институтының «Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері мен магистранттары жаңа оқу орынына жылдам жерсінуде. Былтыр семестрлік білім алған орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының магистры Максим Пономоренко биыл Помор академиясында докторантура дәрежесінде оқуын жалғастыруда. Сөз соңында ректор Збигнев Осадовский Помора академиясы Абай атындағы ҚазҰПУ ынтымақтастығын дамытпақ ниетте екенін айтты.





Ректор Збигнев Осадовский

**Шетелдік ғылыми ұйымдармен және ЖОО-мен қызметтестік.**

Кафедра университеттермен, басқа да ғылыми ұйымдармен академиялық байланыста кең ауқымда жұмыс жүргізеді. Шетелдік ғылыми ұйымдармен және ЖОО-мен қызметтестік әр түрлі формада жүзеге асырылады:

Біліктілікті жоғарылату;

Халықаралық конференциялар, симпозиумдар мен конгрестерге қатысу;

Дәріс оқу үшін шетелдік серіктес ЖОО-нан әріптестерді шақыру;

Докторанттардың екінші шетелдік кеңесшілеріне консалтингтік қызмет көрсету.

Профессорлар Л.И.Жаналина мен Р.Т.Қасымова «Орыс терминологиялық лексикасының қарапайым семантикасы» ғылыми білім беру орталығының мүшелері болып табылады және Абай атындағы ҚазҰПУ-мен Орталық арасындағы қызметтестік туралы хаттама шеңберінде Кемеров мемлекеттік университетімен жұмыс жасайды.

Профессор М.Р.Кондубаева диссертациялық кеңес мүшесі ретінде Қырғызстан Республикасы ЖОО-мен қызметтес.

Профессор М.Ш.Мұсатаева және М.Т.Килева И.А.Ньдян мен А.К.Киклевич ғылыми кеңесші болып жұмыс істейтін Мазурск-Варминь университетімен (Польша) қызметтестік байланыста. Олар осы университет базасында өткізілетін Шығыс Еуропа оқытушыларына арналған біліктілікті жоғарылату халықаралық курстар мен конференциялар жұмыстарына тұрақты түрде қатысып тұрады.

Профессор М.Т.Килева 2 курс магистранттарының қос дипломды бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында Свечедегі (Польша) шет тілдердің Жоғары мектебімен қызметтестік қарым қатынаста.

Кафедра отандық және шетелдік ЖОО-мен, ғылыми зерттеу ұйымдарымен: Фатих университетімен (Түркия), Таллин университетімен, Слупскідегі Помор академиясымен (Польша), Тибилиси университетімен, М.В.Ломоносов атындағы ММУ-мен, А.С.Пушкин атындағы орыс тілі мемлекеттік институтымен, СПбГУ, А.Герцин атындағы СПбГУ, ЧГПУ, М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың Қазақстандағы филиалымен бірлесе қызмет атқарады.

Сонымен қатар кафедра оқытушылары ғылыми-танымал басылымдармен бірлесе жұмыс істейді.

С.Д.Әбішева «Polilog» (Польша) ғылыми журналының редакциялық алқасының мүшесі болып табылады.

**Шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жайлы мәліметтер**

№	Шетелдік жоғары оқу орнының атауы, әріптестердің аты-жөні, қызметі, ғылыми дәрежесі мен лауазымы	Ынтымақтастық мәні	Өткізілген іс-шара (орны және мерзімі)
1	Таллин университеті, профессор И.З. Белобровцева	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы редколлегиясының мүшесі, PhD докторанты С. К.	«Поэтика және өлеңтану мәселелері» атты VI халықаралық

		Серікованың диссертациясының ғылыми жетекшілігі, халықаралық келісім	конференциясынаИ. З. Белобровцеваның сырттай қатысуы Қазан айында Эстонияда өткен «XX ғ. Орыс эмиграциясының мәдени орталықтары және ұялары» атты халықаралық конференциясынаС. Д. Әбішева мен З. Н. Поляктың қатысуы.
2	Помор академиясы, орыс әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Г.Л. Нефагина	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы редколлегиясының мүшесі, халықаралық келісім	Маусым айында Польшада өткен «Ресейге өлең және прозамен қайта оралу» атты халықаралық фестивальғаС. Д. Әбішева мен З. Н. Поляктың қатысуы.
3	Мазур-Вармин университеті, профессор А. К. Киклевич	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы редколлегиясының мүшесі	Наурыз айында С. Д. Әбішеваның мақаласы Польшаның Мазур-Вармин университеті журналына берілді.
4	Дартмут колледжі, профессор Барри Шерр, Е. Казарцев	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы редколлегиясының мүшесі	«Поэтика және өлеңтану мәселелері» атты VI халықаралық конференциясынаЕ. Казарцеваның қатысуы
5	Турин университеті, профессор Спендель Дж.	Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы редколлегиясының мүшесі	«Поэтика және өлеңтану мәселелері» атты VI халықаралық конференциясынаДж. Спендельдің қатысуы (мамыр)
6	Алтай Ұлттық Педагогика Академиясы, орыс әдебиеті кафедрасының профессоры Габдуллина В.И.	Халықаралық келісім	Келісімге қол қою (қазан). «Поэтика және өлеңтану мәселелері» атты VI халықаралық конференциясынаВ. И. Габдуллинаның қатысуы (мамыр).
7	Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік Университетінің Қазақстандағы филиалы, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры Власова Г.И.	Халықаралық келісім	Келісімге қол қою (сәуір). «Поэтика және өлеңтану мәселелері» атты VI халықаралық конференциясынаГ. И. Власованың қатысуы (мамыр).
8	Ресей ғылым академиясы, психолінгвистика бөлімі, ф.ғ.д., профессор Уфимцева Н.В. (Москва), ф.ғ.д. Гольдин Н.Е. Саратов мемлекеттік Университеті (Саратов)	1. Ассоциативтік тәжірибе	Консультации, участие в конгрессе М. К. Абаеваның конгресске кеңес беру және қатысуы (тезистерді жазу)
		2. Ассоциативтік тәжірибе	Кеңес беру (Абаева М.К.)
9	Еврей университеті, славистика және германистика департаменті, проф. В. Хазан (Иерусалим қаласы, Израиль)	Исследования в области поэтики литературы «Орыс шетелі» әдебиеті поэтикасын зерттеу.	Орыс эмиграция әдебиетін зерттеу, архив құжаттары мен ғылыми мақалаларымен алмасу (Поляк З.Н.). «XX ғ. Орыс эмиграциясының мәдени орталықтары және ұялары» атты халықаралық конференцияда ғылыми пікірталасқа бірлесіп қатысу (Таллин қаласы, Эстония)